

Р.Б.Ботағарин, Қ.Қ.Мусин

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨШПІ-ҚОНУ ҮРДІСІН ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*В статье рассматриваются вопросы выезда и въезда иностранных граждан в Республику Казахстан, а также исследуются отношения, возникающие в сфере миграционных процессов, и некоторые проблемы административно-правового регулирования указанных правоотношений.*

*In given article by author are considered questions of departure and entrance foreign people in Republic Kazakhstan, although as are researched relations, appearing in sphere of migrational processes and some problems of administrative-legal regulation specified on law relations.*

Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына кіруі мен шығуы мемлекеттік шекарадағы халықаралық және жолаушылық жөнелтілімдер үшін ашық өткізу пунктері арқылы төлқұжат немесе оны алмастыратын құжаттар бойынша, егер Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының визасы болған жағдайда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасына шетел азаматтарының кіруі үшін берілетін визалар (кіруші) және Қазақстан Республикасынан шығуға берілетін визалар (шығушы) Қазақстан Республикасының арнайы уәкілетті органдарымен, соның ішінде шекаралық, консулдық мекемелерімен беріледі, бұлар жоқ болған жағдайда Қазақстан Республикасының арнайы уәкілетті өкілдіктерімен рәсімделеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы Қаулысымен бекітілген шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібі:

– шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінің және Қазақстан Республикасынан кетуінің;

– шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында уақытша болуы және тұрақты құқығына арналған құжаттарды рәсімдеудің;

– шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүруінің және транзиттік өтуінің;

– шетелдік азаматтардың болуы мерзімдерін ұзартудың және қысқартудың, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасынан кетірудің тәртібін айқындайды.

Шетелдік азаматтарды жеке істері бойынша Қазақстан Республикасына шақырған қабылдаушы ұйымдар мен адамдар шетелдік азаматтарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құқықтар мен міндеттерді уақытылы түсіндіруді, шетелдік азаматтарға қатысты белгіленген құқықтық нормалардың орындалуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында болуы, елдің аумағы бойынша жүріп-тұруы құқығына арналған және оларға белгіленген болудың мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасынан кетуіне арналған құжаттардың уақытылы рәсімделуі үшін заңдарда белгіленген жауаптылықта болады.

Шетелдік азаматтардың көрсетілген талаптарын сақтауын бақылауды ұлттық қауіпсіздік органдарымен өзара іс-қимылда ішкі істер органдары жүзеге асырады. Шетел азаматтар, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше тәртіп белгіленбесе, Қазақстан Республикасының визасы болған жағдайда, төлқұжаты немесе оны алмастыратын құжаттар бойынша мемлекеттік шекарадағы халықаралық және жолаушы қатынастары үшін ашық өткізу пунктері арқылы Қазақстан Республикасына келеді және Қазақстан Республикасынан кетеді.

Шетелдік азаматтарға Қазақстан Республикасына келуге (келулерге) және Қазақстан Республикасына келіп-кетуге (келу-кету) визаларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелері мен консулдық пунктері, ал ондайлар болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының уәкілеттік берілген органдары береді. Төлқұжаты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде және оның өкілдіктерінде тіркелген шетелдік азаматтарға кету және келу-кету визаларын беруді осы ұйымдар жүргізеді. Қабылдаушы ұйымдардың өтініші бойынша шетелдік азаматтарға Республикаға келуге және

Республикадан кетуге бірнеше мәртелік виза берілуі мүмкін. Қазақстан Республикасының визаларын беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту үшін:

– халықаралық ұйымдардың, шет мемлекеттер өкілдерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұйымдарының жазбаша өтініштері;

– Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша, турист ретінде және мемлекеттік емес ұйымдардың шақыруы бойынша іскерлік мақсаттармен немесе тұрақты тұруға келетін шетелдік азаматтар үшін, тұрақты тұратын шетелдік азаматтарға ішкі істер органдарымен берілетін арнайы рұқсаты;

– Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілейтін тәртіпке сәйкес шетел азаматтарын Республикаға шақыру үшін заңды немесе жеке тұлғалардың жазбаша өтініштері қажет.

Келу визаларын берудің негіздемесі шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында болу мақсаттарына сәйкес келуі тиіс. Республика аумағына туыстары мен таныстарының шақыруы бойынша, яғни жеке істері бойынша, келген, сондай-ақ іскерлік мақсатпен, оқуға және турист ретінде келген шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасының аумағында жұмысқа орналаспайды, визада көрсетілген келу мақсатымен байланысты емес өзге де қызметпен айналыса алмайды. Шетелдік жұмыс күшін лицензиясыз тартуға (әкелуге), сондай-ақ Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдіктердің тиісті рұқсатсыз еңбек қызметін жүзеге асыруға тыйым салынады.

Визалардың санаттары мен түрлерін, оларды берудің, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін қысқарту мен ұзартудың тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісімі бойынша Сыртқы істер мен Ішкі істер министрліктері айқындайды. Оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы «Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болуы құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері» қаулысы реттейді.

Қазақстан Республикасына келу кезінде 16 жасқа толған әрбір шетелдік азаматқа көші-қон карточкасы беріледі. Олар Қазақстан Республикасынан кету кезінде тапсырылуы тиіс.

Көші-қон карточкалары:

- Қазақстан Республикасының дипломаттық, қызметтік және инвесторлық визасы бар адамдарға;
- әуе, теңіз және өзен кемелері экипаждарының мүшелеріне;
- поезд, оның ішінде рефрижератор, локомотив бригадаларының жұмыскерлеріне және темір жол көлігімен тасымалданатын жүктерді бірге алып жүретін адамдарға;
- Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін поездардың жолаушыларына;
- халықаралық автотасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілеріне берілмейді;
- Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдік азаматтардың өздерімен бірге белгіленген ретпен тіркелген төлқұжаты болуы және оларды уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша көрсетуге міндетті.

Шетелдік азамат төлқұжатын жоғалтқаны туралы тез арада, азаматтың өтініші бойынша ол туралы анықтама беретін ішкі істер органына хабарлауы қажет. Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдік азаматтар бес күнтізбелік күн ішінде өзінің тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша тіркелуге міндетті.

Шетелдік азаматтарды тіркеу жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтардың төлқұжаттарын тіркеудің тәртібін Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісімі бойынша Сыртқы істер мен Ішкі істер министрліктері айқындайды.

Тіркеу шетелдік азаматтың ұлттық паспорты мен визасының қолданылу мерзімінен аспайтын кезеңге рәсімделеді.

Қазақстан Республикасында келудің және болудың визасыз тәртібі туралы халықаралық шарттары бар елдерден Қазақстан Республикасына келген азаматтарды тіркеу тоқсан тәуліктен аспайтын мерзімге жүргізіледі және кейіннен дәл осындай мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында заңнаманы жандандырудың қарқынды үрдісі жүргізілуде. Қоғам өмірінің барлық салаларындағы қатынастардың құқықтық негіздері жетілдіруде. Қазіргі әлемде ешбір мемлекет толығымен оқшауланып өмір сүре алмайды, мемлекеттің сыртқы қатынастарымен қатар оның ішкі өмір салаларына, жалпы мемлекетшілік құқыққа, мәселен, шетелдіктердің қатысуымен жүзеге асырылатын құқықтық қатынастарды мемлекетішілік құқықты

калыптастыру үрдісіне де ықпал ету дәрежесі бар жекелеген мемлекеттердің және әлемдік қауымдастықтың әсерінен мүлдем арыла алмайды. Осыған байланысты соңғы жылдары Қазақстан Республикасында көші-қон үрдісін бақылау жетілдіруде. Қазіргі уақытта көші-қон үрдісін реттейтін сұрақтар бойынша қабылданған заң көші-қон заңдылығын бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтеді. Осылайша Қазақстаннан шығарылған шетелдіктерге бес жыл ішінде елге кіруге тыйым салынады, бекітілген келу ережелерін бұзған шетелдіктерді жеке тұлға және заңды тұлға жағынан қайта шақыру өтініштері қарастырылмайды.

Көптеген көші-қон полиция бөлімдерінде шетел азаматтарын тіркеу үшін қазіргі заманға сай операциондық залдар жасалып, «бір терезе» принципімен жұмыс істеп жатыр. Жеңілдік жасау мақсатында тіркеу қонақ үйлерде де жүзеге асырылады. Осы шаралар нәтижесінде көші-қон үрдісінің анықтығы қамтамасыз етіледі және сыбайлас жемқорлық мүмкіндігі аз болады.

Тәжірибе көрсеткендей, 2003 жылы елде енгізілген көші-қон карточкалар жүйесі тиімділігі артты. Бұл ішкі істер органдарының бес тәуліктен артық келген шетел азаматтарын есепке алуға жеңілдік жасады және ТМД елдерінің азаматтарын уақытылы тіркелуін және кетуін бақылауды күшейтеді [1]. Көші-қон карточкалары жүйесінің ары қарай дамуы Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Украина азаматтарының емін-еркін жүріп тұру бостандығы туралы келісім жобасына сәйкес құрылып жатқан Бірлескен экономикалық кеңістігінің шегінде қарастырылуда.

Халықаралық қатынас даму үстінде. Әрекет етуші келісімдер шегінде қызметтері заңсыз көші-қонмен байланысты мекемелер және тұлғаларға қатысты мемлекеттердің ішкі істер органдарының өзара ақпарат алмасу жүзеге асырылуда. Заңсыз көшіп-қонушыларды анықтау және шетел азаматтарын келуді бақылау мақсатында бірлескен жедел алдын алу шаралары жүргізіледі.

Көші-қон бойынша халықаралық мекемесімен, Халықаралық орталықпен және басқа да халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас дамуда.

2005 жылдан бастап шетел азаматтарын тіркеу тек ел ішінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстанға кіруде мемлекеттік шекара арқылы өтетін өткізу пунктінде де жүзеге асырылады. Экономикалық дамыған және әлеуметтік тұрақты 28 елдердің азаматтары Сыртқы істер министрлігінде (СІМ) визаны дайындаумен қоса бір мезгілде тіркеледі. Қазіргі уақытта Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті және Ішкі істер министрлігімен елге келген шетелдіктер жөнінде ақпарат алмасу қиын жағдайда. Мемлекеттік шекара арқылы өтетін пунктер қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Тағы бір өзекті проблемалардың бірі болып көптеген шетел азаматтарының, әсіресе СІМ мекемелерімен берілген іскерлік немесе жеке визамен алыс шетелден келген шетелдіктер біздің елге рұқсатсыз еңбек қызметімен айналысады. Заңдылықтағы проблемаларды пайдаланып, көптеген шетелдіктер Қазақстанда бірнеше жыл өмір сүреді.

Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп визаларды беру тәртібі туралы жаңа нұсқаулық дайындалуда. Әлеуметтік және саясаттылық тұрақтылығы бар елдер қатары анықталуда, әрбір елдің азаматтарына виза беру және ұзарту тәртібі әр түрлі қолданады.

Заңсыз көшіп-қону сұрағына келетін болсақ, жыл сайын елімізде әрекет етуші заңдылықты бұзатын шамамен 300 мыңнан астам шетелдіктер жұмыс істейді, олардың көбісі Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікістан азаматтары. Сонымен қоса жұмыс берушілер де, жұмыскерлер де заңдылықпен бекітілген салықтар және басқа да төлемдер төлемейді, бұл еліміздің бюджетіне жағымсыз салдарын тигізеді. Былтырғы жылы тексерістер нәтижесінде анықталғандай, заңсыз еңбек етіп жатқан шетелдіктердің саны жеті мыңнан асты. Олардың бәріне елде болу мерзімі қысқартылды. Шетелдік жұмыс күшін заңсыз пайдаланғаны үшін мыңнан астам жұмыс берушілер жауапқа тартылды.

Алайда, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, заңсыз көшіп-қону мәселесін тек қана әкімшілік әдістермен шешу мүмкін емес. Ол үшін еңбек рыногын реттейтін жүйелік шараларға, экономикалық, либералдық шараларға көшу қажет. Орталық-Азия аумағы мемлекеттерінде еңбек күшін пайдалануға рұқсат беру жүйесін өзгертіп, тіркеу үшін арнай төлемақы орнату қажет. Бұл заңсыз еңбек етіп жатқан шетелдіктерді анықтап және де бюджетке қосымша пайдасын тигізіп, сыбайлас жемқорлық фактілерін азайтар еді.

Кез келген мемлекеттік территория аумағында мемлекеттер жоғарғы билікті жүзеге асыратын кеңістік болып табылады. Мемлекет заң шығару жолымен билігіндегі территорияның шегінде құқықтық режимді орнатады да, сол территорияда өмір сүретін тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Тұлғаның осы мемлекет территориясында тұруы — оның сол мемлекетпен деректік байланысын анықтайтын фактор. Мемлекеттер мен оның территориясында тұратын жеке

адамдардың арасындағы деректік байланыстан басқа құқықтық байланыс әрекет етеді. Ол мемлекетке қатысты белгілі бір міндеттерді орындау мен құқықтарды иеленуден және мемлекеттің егеменді билігіне бағынудан көрініс табады. Шетел азаматтарына Қазақстан Республикасында заңмен қарастырылған құқықтар мен бостандықтар кепілдендіріледі. Олар Қазақстан Республикасының азаматтарына тиесілі құқықтар мен бостандықтарды теңдей дәрежеде иеленеді және солармен бірдей міндеттерді атқарады. Бұлар Қазақстан Республикасының Конституциясымен және басқа да нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі [2].

Жеке адамдардың құқықтары мен міндеттерінің сипатына байланысты тұрғындардың түсінігін нақтылауда оларды негізгі төрт санатқа жіктейміз:

- осы мемлекеттің азаматтары;
- қосазаматтылығы бар азаматтар;
- шетел азаматтары;
- азаматтығы жоқ тұлғалар.

Шетел азаматтары санаттарына тоқталайық. Шетелдіктер (шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар) — белгілі бір мемлекет территориясында болатын, оның юрисдикциясына бағынатын, бірақ оның азаматы болып табылмайтын тұлғалар [3].

«Шетелдіктер» ұғымы нормативтік актілер мен құқықтық әдебиеттерде екі мағынада, кең және тар, қолданылады. Кең мағынада шетелдік ретінде сол мемлекеттің азаматтығына ие емес кез келген тұлға түсіндіріледі. Аталмыш терминді осылайша түсіну көптеген елдердің әдебиеттері мен құқықтық актілерінде көрініс тапқан.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында заңнаманы жандандырудың қарқынды үрдісі жүргізілуде. Қоғам өмірінің барлық салаларындағы қатынастардың құқықтық негіздері жетілдіруде. Қазіргі әлемде ешбір мемлекет толығымен оқшауланып, өмір сүре алмайды, мемлекеттің сыртқы қатынастарымен қатар, оның ішкі өмір салаларына, жалпы мемлекетішілік құқыққа, мәселен, шетелдіктердің қатысуымен жүзеге асырылатын құқықтық қатынастарды реттейтін мемлекетішілік құқықты қалыптастыру үрдісіне де ықпал ету дәрежесі бар жекелеген мемлекеттердің және әлемдік қауымдастықтың әсерінен мүлдем арыла алмайды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің мәртебесін құқықтық реттеу тәртібін анықтайтын бірқатар теоретикалық ережелерді мазмұндауға болады.

Шетелдіктердің құқықтық мәртебесі мынадай тәртіпте қалыптастырылады: халықаралық құқықтың ықпалы шетелдіктер жеке адам ретінде адамдардың халықаралық-құқықтық мойындалған құқықтары мен бостандықтарының барлық жиынтықтарын иеленеді.

Бұл негізгі құқықтар мен бостандықтар жеке адамға қатысты, оның тұрғылықты жеріне қарамастан, тікелей қолданылатындығымен түсіндіріледі. Халықаралық құқық шетелдіктердің құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық стандартты белгілей отырып, жалпы бағыттаушы ықпалды жүзеге асырады және сонымен қатар мемлекеттердің, адамдардың, соның ішінде шетелдіктердің құқықтарын жүйелі түрде бұзғаны үшін жауапкершілікті бекітеді. Екі жақты және аймақтық келісімдер мемлекеттерді шетелдіктердің — келісуші тараптардың мемлекеттерінің азаматтарының құқықтық мәртебесін белгілі бір деңгейде реттеуге міндеттей отырып, неғұрлым нақты әсер береді.

Мемлекетішілік құқықтың ықпалы: шетелдіктер мекендеу мемлекетінің ішкі құқығында оған бекітілген құқықтар мен бостандықтарды иелену мүмкіндігіне ие болады және осы құқықпен жүктелетін белгілі бір міндеттерді орындауға міндеттенеді. Мекендеу мемлекетінің шетелдіктерге қатысты заңдарының әсері олардың құқықтары мен бостандықтарын бағалауда негізгі және анықтаушы фактор болып есептелінеді. Мемлекет мемлекеттік егеменділік және ішкі істерге араласпау қағидаларына сүйене отырып және осы саладағы халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, шетелдіктерге нақты құқықтар мен бостандықтарды берудің, белгілі бір міндеттемелерді жүктеудің саяси-құқықтық негіздерін дербес түрде анықтайды.

Мемлекеттің азаматтылық құқықтық жүйесінің ықпалы: шетел азаматы мемлекетке қатысты ниетінің түзулігін сақтауға, оның азаматтылық қатыстылығы дерегінен туындайтын бірқатар міндеттерді атқаруға тиісті. Бұдан басқа оған мемлекетпен тұрған жеріне қарамастан, ұсынылатын бірқатар құқықтарды иеленеді.

Әдетте мемлекет территориясында өз азаматтарынан басқа шетелдіктер деп аталатын жеке тұлғалар санаттары тұрады.

Қазақстан Республикасында «шетел азаматы» термині қолданылады. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 маусымындағы «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының

құқықтық жағдайы туралы» заңдық күші бар Жарлығының 2-бабының 1-тармақшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі бар адамдар Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары болып танылады» делінген [3].

Халықаралық құқық ғылымында көптеген авторлар «шетелдіктер» терминінің тар мағынасын көп қолданады. Г.И.Тункин мынадай анықтама береді: «Шетелдік дегеніміз аталмыш мемлекеттің территориясындағы, бірақ оның азаматы болып табылмайтын және басқа мемлекеттің азаматтығындағы тұлға танылады», осыған ұқсас анықтамалар басқа да еңбектерде кездеседі [4; 151].

Негізінен бұл тұжырыммен келісе отырып, «шетелдіктер» терминінің «шетел азаматтары» ұғымымен салыстырғанда ауқымы тарлау екенін ескеріп кеткен жөн.

«Шетелдіктер» белгілі бір елдің тұрғындары туралы сөз болғанда және осы елдің территориясындағы тұлғалар санаттарын, елдерді анықтау қажеттілігі туындағанда әділетті. Дегенмен, шетелдіктердің құқықтық режимін зерттеуде жеткілікті деңгейде нақты емес, себебі кез келген мемлекеттің территориясында территориялық әсерлі заңдар қабылдануы мүмкін, яғни белгілі бір құқықтарға шекарадан тыс орналасқан тұлғалар да ие болуы мүмкін. Нақтырақ айтсақ, бұл мүліктік құқықтарға, азаматтықты алу құқықтарына және т.б. қатысты. Екіншіден, көрсетілген тұжырым азаматтығы жоқ тұлғалардың, яғни апатридтердің, бар екендігі ескерілмейді.

«Шетел азаматы» азаматтардың түрлі санаттарын қамтитын неғұрлым кең мағынаға ие болады. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» заңдық күші бар Жарлығында бір жағдайларда халықаралық-құқықтық қағидалардың күшінен, екінші бір жағдайларды қалыптасқан тәжірибенің күшінен жүзеге асырылатын шетелдіктердің ерекше санаттарынан туындайды. Жарлық барлық шетел азаматтарын екі негізгі санатқа бөліп қарастырады: Қазақстан Республикасында тұрақты тұратындар және уақытша тұратындар. Тұлғаны осылардың біреуіне жатқызу критерийі Қазақстан Республикасы аумағында болу мерзімі емес, шетелдіктің мемлекетпен құқықтық байланысының тұрақтылық дәрежесінде, Қазақстан территориясында болу мақсаты мен сипатында.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұрушылар деп соған ішкі істер органдарының берген рұқсатын және шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хатын не азаматтығы жоқ адамның куәлігін алған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар танылады. Тұрақты тұруға рұқсат берудің міндетті шарты мұндай рұқсат алуға үміткер адамның Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Республикада болу кезеңінде өзінің төлем қабілетін растауы болып табылады.

Қазақстан Республикасында өзге заңды негізде жүрген шетел азаматтары Қазақстан Республикасында уақытша болушылар деп саналады. Олар белгілі тәртіппен тіркелуге және белгілі болу мерзімі өткен соң республика территориясынан кетуге міндетті.

Заңнамада шетел азаматтарының екі санатын бекіту осы саладағы қалыптасқан тәжірибеден туындайды, сонымен қатар мұндай санаттар бұрын кеңестік заңнамамен қарастырылғандығы мән-жаймен де түсіндіріледі.

Біз Г.И.Тункиннің ойымен келісеміз, ол тұрақты тұратын шетел азаматтарының мәртебесі Қазақстанға уақытша тұруға келген шетелдіктердің мәртебесінен өзгеше. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратындар деп соған рұқсаты бар және арнайы органдарымен рұқсат берілген шетел азаматтары есептеледі. Қазақстан Республикасының аумағында басқа заңды негіздермен болатын шетел азаматтары уақытша тұруға келгендер деп саналады. Олар Қазақстан Республикасында олармен анықталған белгілі бір мерзім өткеннен кейін кетуге міндетті. Осы жерде уақытша тұрудың нақты анықталған мерзімдері бекітілмеген. Заң белгілі бір тұлғаның елдегі тұрақты тұру дерегі мәнді түрде оның құқықтық жағдайын анықтайтындығына сүйенеді. Бұл еңбек қызметі, шетелдіктердің тұрғын-үй қатынастарындағы құқығы денсаулық сақтау, білім алу сияқты сұрақтарға қатысты. Кейбір мәнсіз ерекшеліктерден басқа, барлық жағдайларда шетелдіктерге Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін барлық құқықтар беріліп, сондай міндеттер жүктеледі [4; 153]. Бұл шетелдіктердің нақ осы санаттары қоғам өмірімен неғұрлым тығыз байланыстылығымен түсіндіріледі, сондай-ақ заңнаманың күшінің осы тұлғаларға таралу қажеттілігі соғұрлым басым.

Аталмыш ережеден заңның күші иммунитетті қолданатын тұлғаларға қатысты емес деп түсіну жаңсақ пікір. Мұндай тұлғалар заңнама, соның ішінде шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнама талаптарын орындауға тиіс. Олар заңдарды сақтауға міндетті, бірақ құқық бұзушылық әрекеттері жасалған уақытта мұндай тұлғалар қылмыстық, азаматтық және әкімшілік юрисдикциядан иммунитетін қолданады.

Шетелдіктердің нақты мемлекеттердегі бекітілген құқықтары мен бостандықтарының көп түрлілігіне қарамастан, мемлекеттер осы көлемді анықтауда қазіргі кездегі халықаралық құқықтағы адам құқықтарын қорғау қағидаларын, сонымен қатар шетелдіктердің құқықтық жағдайына қатысты арнайы қағидалардың талаптарын басшылыққа алуға міндетті. Шетелдіктердің құқықтарының, міндеттерінің көлемін анықтау — әрбір мемлекеттің ішкі құзырындағы мәселе. Дегенмен мұндай бекітілім мемлекеттің бұл саладағы құқығы шектелмеген деуге болмайды.

Мемлекеттер өз елінде шетелдіктердің құқықтық жағдайын анықтай отырып, қазіргі кездегі халықаралық құқықтық негізгі қағидаларын, сонымен қатар өзі қатысушы болып табылатын нормаларды сақтауға міндетті.

Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары ретінде Қазақстанның азаматы болып табылмайтын және басқа мемлекеттің азаматтылығында екендігі туралы дәлелдемелері бар тұлғалар танылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы Қаулысымен бекітілген «Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібі» / Заң деректер базасы.
2. Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 30 тамызындағы Конституциясы (1998 жылдың 7 қазанындағы өзгерістер мен толықтырулармен қоса). — Алматы: Баспа, 2008. — 28 б.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымындағы «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы» заң күші бар Жарлығы. — № 2338 / Заң деректер базасы.
4. Тункин Г.И. Международное право. — М.: Юрид. лит-ра, 1994. — 512 с.

ӨОЖ 343.85:351.745

Д.А.Уақасов

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты

#### **ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ІЗДЕУ ТОПТАРЫМЕН ҚЫЛМЫСТАРДЫ АШУ МЕН ТЕРГЕУ БАРЫСЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ІЗДЕУ-БӨГЕУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ**

*В данной статье автор рассматривает основные правовые проблемы, касающиеся вопросов организации и реализации поисковых мер во время раскрытия и расследования преступлений поисковыми группами органов внутренних дел.*

*In this article author considered the main legal rules concerning organization and realization of searching measures during disclosing and investigating of crimes for reconnaissance groups of police.*

Әрине, еліміздегі заңға қарсы іс-қимылдарды, демек, қылмыстарды ашу мен тергеу барысында, ұйымдастырушы-басқарушылық қиындықтарды жою тергеуші мен жедел қызметкерлердің іздеу-барлау мен ақпараттық-зерттеу қызметін жүзеге асыру мен жетілдіруге, олардың тактика-психологиялық мүмкіндіктерін маңызды түрде жоғарылатуға жайлы жағдайлар туғызады. Бұл, өз кезегінде, құрылған іздеу топтарымен қылмыстарды ашу мен тергеу барысында қалыптасқан жағдайларды тиімді шешу нәтижелелерін және іздеу-бөгеу шараларының тиімділігін жоғарылатады.

*Іздеу топтары* дегеніміз — ішкі істер органдарының жедел қызметкерлерін және қылмысты ашу бойынша іздеу жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында қатыстырылатын басқа тұлғаларды (жәбірленушілерді, куәларды және тағы басқаларды) қамтитын, қылмыстық іс бойынша анықталған міндеттерді шешуге арналып құралатын арнайы ұйымдастырылған құрылымдар.

*Іздеу-бөгеу шараларын жүзеге асыру* дегеніміз — бұл іздеу болжамдарын құрумен, типтік іздеу кестелерімен, іздеу міндеттерін шешу тәсілдерімен, қылмыс жасауда сезіктілер мен кінәлілердің орналасу орнын болжаумен және оларды анықтап, ұстаумен қамтамасыз етілетін ойлы қызмет [1].